

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау нысандары мен қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 267 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 23-бабының 5-тармағына, 94-1, 104-баптарына және 133-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.04.2024 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидалары;
- 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау нысандары;
- 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

K. Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2015 жылғы 23 сәуірдегі

№ 267 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидалары

Осы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидалары Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 23-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу және оның қаражатын пайдалану тәртібін айқындайды.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.04.2024 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тaraу. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу тәртібі

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.05.2021 № 296 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры (бұдан әрі – Ұлттық қор) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген түсімдердің есебінен қалыптастырылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.04.2024 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚР ҰБ) Қазақстан Республикасының Үкіметіне (бұдан әрі – Үкімет) Ұлттық қор қаражатын есепке алу және оны жұмсау үшін теңгелік шот және шетел валютасында түсетін қаражаттың теңгелік баламасын есепке алу үшін теңгемен тиісті шот ашады.

3. Мұнай секторы ұйымдарына:

- 1) шикі мұнайды, газ конденсатын өндірумен айналысатын занды тұлғалар;
- 2) шикі мұнайды, газ конденсатын барлауға келісімшарттар жасасқан занды тұлғалар;

3) жер қойнауын пайдаланушы салық міндеттемесін заттай нысанда орындау есебіне берген, пайдалы қазбаларды мемлекет атынан алушылар жатады.

Келесі қаржы жылына арналған мұнай секторы ұйымдарының тізбесі ағымдағы қаржы жылының 20 желтоқсанына қарай жер қойнауын пайдалану, мұнай келісімшарттарын жасасу және орындау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын құзыретті органмен және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп бекітіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.05.2021 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айдың басына дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық қорға жіберілетін және ҚР ҰБ-дағы Үкіметтің шоттарына аударылатын түсімдер сомаларының алдағы айға арналған болжамын ҚР ҰБ-ға ұсынады.

5. Ұлттық қорға ұлттық валютада түсетін түсімдер Ұлттық қордың қолма-қол ақшаны бақылау шотына есептеледі. Ұлттық қордың қолма-қол ақшаны бақылау шотына есептелген ағымдағы жұмыс күні үшін түсімдер сомасын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган келесі жұмыс күнінен кешіктірмей ҚР ҰБ-дағы Үкіметтің теңгелік шотына аударуы тиіс. Ұлттық қорға түсімдер сомасын аудару ҚР ҰБ басқармасының қаулысымен бекітілген Төлем тапсырмаларын, төлем

талап-тапсырмаларын, инкассолық өкімдерді ресімдеу, пайдалану және орындау жөніндегі нұсқаулықта белгіленген нысан бойынша төлем тапсырмасының негізінде күн сайын жүзеге асырылады.

6. Ұлттық қорға жіберілетін, бюджетке артық төленген, қате немесе жаңылыс түскен сомаларды төлеушілерге қайтару, түсімдердің бюджеттік сыныптамасының кодтары арасында, салық органдары арасында есепке жатқызу ҚР ҰБ-да ашылған Үкіметтің шоттарынан есептен шығармай, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бекіткен Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларына (бұдан әрі – Бюджетті атқару қағидалары) сәйкес Ұлттық қордың қолма-қол ақшаны бақылау шотынан жүзеге асырылады. Бұл ретте Ұлттық қордың қолма-қол ақшаны бақылау шотында дебеттік сальдоға жол беріледі.

7. Түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына сәйкес Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін ай сайынғы кепілдік берілген трансфертті аудару шеңберінде жүзеге асырылатын ҚР ҰБ-дағы Үкіметтің теңгелік шотында өндіріп алу үшін жеткілікті қаражат жиналғаннан кейін қаржы нарығындағы ахуалға қарай қаражат Ұлттық қордың ҚР ҰБ-да шетел валютасында ашылған шотына есептеле отырып, теңгелік шоттан айырбасталады.

8. Шетел валютасындағы түсімдерді ҚР ҰБ бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарына есептейді. Ұлттық қорға есептеуге арналған валюта түрлері бойынша шетел валютасын қайта айырбастауды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган электрондық түрде төлем құжаттары қоса берілген шетел валютасындағы шоттар бойынша ҚР ҰБ-дан үзінді көшірмелерді алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Шетел валютасы қайта айырбасталғаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган теңгемен алынған соманы Ұлттық қордың қолма-қол ақшаны бақылау шотына есепке жатқызады және Бюджетті атқару қағидаларына сәйкес сол жұмыс күні шетел валютасында түсетін қаражаттың теңгелік баламасын есепке алу үшін Үкіметтің тиісті шотына теңгемен аударады, ҚР ҰБ белгілеген Үкіметтің шоттарына есептелетін шетелдік валютаны дәйекті түрде қайта айырбастау және айырбастау операциясы үшін хабарламалар, өтініштер беру және соманы теңгемен есептеу кестесін сақтайды.

9. ҚР ҰБ кастодиандардан алынған ақпараттың негізінде есепке алу әдісімен Ұлттық қорды басқарудан түсетін инвестициялық кірістерді есепке алуды жүргізеді. Инвестициялық кірістердің сомасы Ұлттық қор кастодианының шоттарында Ұлттық қор активтерінің құрамында көрсетіледі.

10. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Ұлттық қорға түсімдер және ҚР ҰБ Үкіметтің шоттарына аударымдар туралы есепті "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы есеп" нысаны бойынша Үкіметке ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бірінші күніне ұсынады.

11. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған Ұлттық қорға түсетін өзге тұсімдер мен кірістерді занды және жеке тұлғалар ҚР ҰБ-дағы Үкіметтің шоттарына аударады.

2-тaraу. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын пайдалану тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.05.2021 № 296 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Ұлттық қордың қаражатын пайдалану 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген мақсаттарға ғана жүзеге асырылады. Ұлттық қордың қаражатын жұмсау Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін кепілдік берілген трансфертер түрінде, Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын мақсаттарға Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін нысаналы трансфертер (бұдан әрі – Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансфертер) түрінде жүзеге асырылады.

Республикалық бюджет туралы занды іске асыру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, тұсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасайды және бекітеді, оларға сәйкес республикалық бюджетке Ұлттық қордан берілетін кепілдік берілген және нысаналы трансфертерді қаржы жылы ішінде тиісті кезеңге көзделгеннен аспайтын көлемде тарту жүзеге асырылады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттің төлемдері бойынша тұсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде айлар бойынша бөлінген Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін кепілдік берілген трансфертердің бекітілген көлемін, Ұлттық қордан нысаналы трансфертердің бекітілген көлемін ҚР ҰБ назарына жеткізеді және ҚР ҰБ аударуды жүзеге асыратын деректемелер туралы хабарлайды.

13. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттің Ұлттық қордан кепілдік берілген трансфертке қажеттілік көлемін ай сайын болжайды.

Алдағы айға Ұлттық қордан берілетін кепілдік берілген трансфертке республикалық бюджет қажеттілігінің көлемін болжау республикалық бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы бюджет қаражатының қалдығын, республикалық бюджетке түсетін тұсімдердің күтілетін көлемінің болжамдары мен алдағы айда республикалық бюджет шығыстарының күтілетін атқарылуын және республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ай сайын ұсынатын ақпараты ескеріле отырып айқындалады.

14. Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін кепілдік берілген трансферттің ақша қажеттілігінің қажетті көлемін аудару ай сайын ҚР ҰБ-ға жіберілетін өтінімнің негізінде жүзеге асырылады.

Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін нысаналы трансфертерді аудару ҚР ҰБ-ға жіберілетін өтінімнің негізінде жүзеге асырылады.

Ұлттық қордан кепілдік берілген және нысаналы трансфертерді бөлуге арналған өтінімді (бұдан әрі – өтінім) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасайды, оған бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға қол қояды және ҚР ҰБ-ға келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

ҚР ҰБ бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның өтінімі негізінде оны алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде кепілдік берілген трансферттің мәлімделген сомасын, күнтізбелік бес күн ішінде Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансфертті республикалық бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотына аударады.

Ұлттық қордың өтінімді/өтінімдерді орындау үшін қажетті теңгедегі қаражатын есепке алу үшін Үкімет шотында ақша болмаған немесе жеткіліксіз болуы мүмкін жағдайда ҚР ҰБ Ұлттық қордың шетел валютасындағы шотынан ақшаның немесе активтердің бір бөлігін ҚР ҰБ-ның басқармасының қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін айырбастау және қайта айырбастау қағидаларына сәйкес қайта айырбастауды жүргізеді.

15. Республикалық бюджеттің болжамның негізінде айқындалған алдағы айға арналған бюджеттік ақшасы жеткілікті болған кезде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган әрбір айдың 25-күніне дейін ҚР ҰБ-ға хат жібереді, онда алдағы айға Ұлттық қордан кепілдік берілген трансферттің ақшасын аудару талап етілмейтінін хабарлайды.

16. Келесі айларда тиісті түзетумен белгілі бір айда Ұлттық қордан берілетін кепілдік берілген немесе нысаналы трансферттің көлемін түзетуді (азайтуды не арттыруды) талап ететін факторлар туындаған кезде республикалық бюджет түсімдері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі.

17. Өткен қаржы жылында аударылмаған Ұлттық қордан бөлінген кепілдік берілген трансферт сомасының есебінен ағымдағы қаржы жылышының басында төленбеген тіркелмеген міндеттемелердің сомасынан аспайтын көлемде өткен жылдың ағымдағы бюджеттік бағдармаларын және бюджеттік даму бағдарламаларын қаржыландыру үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ағымдағы қаржы жылышының 20 қаңтарына дейінгі мерзімде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға өткен қаржы жылышында Ұлттық қордан республикалық бюджетке аударылмаған кепілдік берілген трансферттің сомасы, өткен қаржы жылышында іс-шаралардың толық орындалмауы себептерін көрсете отырып, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері және

инвестициялық жобалар бөлінісінде ағымдағы бюджеттік бағдарламалар және бюджеттік даму бағдарламалары бойынша қаржыландыру жоспарларының орындалуы туралы ақпаратты, сондай-ақ сыртқы қарыз қаражаты, гранттар және бюджеттік кредиттер есебінен іске асырылатын бюджеттік даму бағдарламаларын қоспағанда, республикалық бюджеттік даму бағдарламалары және республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бөлінісінде инвестициялық жобалар бойынша орындалмаған шарттар тізбесін береді.

18. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органнан алынған ақпараттың негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгіленген тәртіппен Республикалық бюджет комиссиясының қарауына:

1) өткен қаржы жылында тіркелген шарттар бойынша төленбеген міндеттемелері бар ағымдағы бюджеттік бағдарламалардың және бюджеттік даму бағдарламаларының тізбесін;

2) өткен қаржы жылында Ұлттық қордан республикалық бюджетке аударылмаған кепілдік берілген трансферттің сомасы туралы ақпарат;

3) ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетті түзету арқылы төленбеген міндеттемелер бөлігінде ағымдағы қаржы жылында ағымдағы бюджеттік бағдарламаларды және бюджеттік даму бағдарламаларын қаржыландыру жөнінде ұсыныс енгізеді.

19. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Қағидалардың 17–18-тармақтарында көрсетілген құжаттардың негізінде Бюджетті атқару қағидаларына сәйкес міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізеді.

19-1. Өткен қаржы жылының қорытындысы бойынша Ұлттық қордан кепілдендірілген және/немесе нысаналы трансфертерді толық пайдаланбаған кезде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган:

1) кезекті қаржы жылына Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттің тартылатын сомасын өткен жылғы Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттің пайдаланылмаған сомасына азайтуды;

Бұл ретте, өткен жылғы Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттің пайдаланылмаған сомасы кезекті жылдың Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферттің бір бөлігі ретінде пайдаланылады;

2) республикалық бюджет қаражатының қалдықтары есебінен бюджетті түзету жолымен Ұлттық қордан республикалық бюджетке нысаналы трансферт түрінде тартылған, пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) қаражаттың бір бөлігін қайтаруды;

3) республикалық бюджет қаражатының қалдықтары есебінен бюджетті түзету жолымен республикалық бюджетке тартылған кепілдендірілген трансферттің бір бөлігін қайтаруды жүзеге асырады.

Ағымдағы қаржы жылында күтілетін кірістер тұсімі (Ұлттық қордан берілетін трансфертер тұсімін есепке алмағанда) жоспарланған кірістерден (Ұлттық қордан берілетін трансфертер тұсімін есепке алмағанда) асып түскен кезде, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Ұлттық қордан тартылған кепілдендірілген трансфертің бір бөлігін Ұлттық қорға қайтаруды жүзеге асырады.

Ұлттық қордан тартылған кепілдендірілген трансфертің бір бөлігін республикалық бюджеттен қайтару бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескеरту. 19-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1188 қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.04.2022 № 210 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджет тұсімдерінің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының өзгерген сомаларын өзгерістер енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ҚР ҰБ-ның назарына жеткізеді.

21. Ұлттық қорды басқаруға байланысты шығыстарды жүзеге асыру үшін ҚР ҰБ бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ақы төлеу үшін шот-фактура жібереді.

22. Жыл сайынғы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жүзеге асыру үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ҚР ҰБ-ға сыртқы аудитор ұсынған шот-фактураның көшірмесін және шығыстарды раставу туралы хабарлама жібереді.

23. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ҚР ҰБ мен Үкімет арасында жасалған сенімгерлік басқару туралы шартта белгіленген мерзімде осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес ҚР ҰБ-ға бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға қол қойған Ұлттық қордың шығыстарын раставу туралы хабарлама жібереді.

ҚР ҰБ Ұлттық қордың шығыстарын раставу туралы хабарламаның негізінде Ұлттық қорды басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабуға арналған соманы Үкіметтің теңгелік шотынан есептен шығарады.

Ұлттық қордың хабарламаны орындау үшін қажетті қаражатын есепке алу үшін Үкіметтің шотында теңгедегі ақша болмаған немесе жеткіліксіз болуы мүмкін жағдайда ҚР ҰБ Ұлттық қордың шотынан шетел валютасындағы ақшаның немесе активтердің бір бөлігін ҚР ҰБ басқармасының қаулысымен бекітілген Ұлттық қордың активтерін айырбастау және қайта айырбастау қағидаларына сәйкес қайта айырбастауды жүргізеді.

24. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган және ҚР ҰБ "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының ақша қозғалысын салыстырып тексеру ведомості" деген осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес ай сайын шетел валютасында түсетін

қаражаттың тәңгелік баламасын есепке алу үшін Үкіметтің тәңгелік шоты және Үкіметтің тиісті шоты бойынша ақша қозғалысын салыстырып тексеруді жүзеге асырады.

25. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган өзінің ресми интернет-ресурсына Ұлттық қор қаражатын басқару және пайдалану жөніндегі ақпаратты жартыжылдық негізде орналастырып тұрады.

Ескерту. 2-тaraу 25-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 29.04.2024 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорына активтерді
есептеу және
Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорын пайдалану
қағидаларына
1-қосымша
Нысан
№ _____ бет
Қалыптастырылған күні _____

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.04.2024 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

_____ жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшанды бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы есеп 20 ____ жылғы есепті кезең

Индексі: ДДКСНФ-1

Кезеңділігі: ай сайын, жыл сайын

Ұсынады: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Үкіметі, Жоғары аудиторлық палатасы, Ұлттық экономика министрлігі

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 15-і күніне дейінгі мерзімде

Өлшем бірлігі _____

Бірыңғай бюджеттік сыйыптаманың коды	Атауы	Жыл басынан бері өсу шамасына қарай сомасы
I. Кірістер:		
1	Салықтық түсімдер	
1	Табыс салығы	
1	Корпоративтік табыс салығы	
5	Мұнай секторы ұйымдарының занды тұлғаларынан алынатын корпоративтік табыс салығы	

5	Тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	
3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланудан түсетін түсімдер	
22	Мұнай секторы ұйымдарынан алынатын үстеме пайда салығы	
25	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін бонустар	
26	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы	
27	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін экспортқа рента салығы	
28	Жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу бойынша мұнай секторы ұйымдарынан түсетін Қазақстан Республикасының үлесі	
29	Өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер койнауын пайдаланушының қосымша төлемі және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін жер койнауын пайдалануға балама салық	
2	Салықтық емес түсімдер	
4	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алушар	
2	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мұнай секторы ұйымдарына салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алушар	
1	Орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық болімшелері мұнай секторы ұйымдарына салатын әкімшілік айыппұлдар,	

	өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
2	Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мұнай секторы үйымдарына салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
3	Зиянды өтеу туралы талап қою бойынша мұнай секторы үйымдары табиғат пайдаланушылардан алған қаражат	
6	Салықтық емес өзге түсімдер	
1	Салықтық емес өзге түсімдер	
11	Мұнай секторының үйымдарынан түсетін салықтық емес басқа түсімдер	
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	
3	Жерді және материалдық емес активтерді сату	
1	Жер сату	
2	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участкерлерін сатудан түсетін түсімдер	

II. Қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер

6	Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	
1	Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	
1	Ел ішінде қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	
3	Республикалық меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдер	
7	Ұлттық басқаруши холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындастын тәртіппен және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бәсекелес ортаға беруден түсетін түсімдер	

III. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы (бұдан әрі – ҚБШ) түсімдер жиыны

IV. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-дан аударымдар

13	Өзге	
9	Өзге	
217	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	
5	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына қаржат аударуды ұйымдастыру	
339	Мемлекеттік басқарудың басқа денгейлеріне берілетін ағымдағы трансфертер	

V. Түсімдер мен аударымдар сальdosы

VI. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-дағы қаржы жылының басындағы ақша қалдығы

VII. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-дағы есепті кезеңнің соңындағы ақша қалдығы

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілдегі органның басшысы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшениң басшысы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Қазақстан Республикасының Ұлттық
корына активтерді есептеу және
Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорын пайдалану қагидаларына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан

трансферт бөлуге

ж. " " отінім

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілдегі орган

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан ақшаны

мынадай деректемелер бойынша аудару қажеттігі туралы хабарлайды:
кеңілдендірілген/нысаналы

(керегінің асты сыйылсын)

Бюджеттің атауы	Бенефициардың атауы	Бенефициардың ЖСК	Бенефициар банктің БСК	БСН	Бюджеттік сыйыптауыш коды	Төлем мақсатының коды	Тенгедегі сомасы
Республикалық бюджет							

Бюджетті атқару жөніндегі
орталық уәкілдепті органның басшысы _____
(Т.А.Ә., қолы)

Қазақстан Республикасының Ұлттық
корына активтерді есептеу және
Қазақстан Республикасының
Ұлттық корын пайдалану қағидаларына
3-қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шығыстарын растау туралы хабарлама

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі ұсынған Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару бойынша
шығыстарды және жыл сайынғы сыртқы аудитті өткізуді негіздейтін құжаттарды қарап
, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотынан мынадай шығыстарды есептен
шығаруға келісетіні туралы хабарлайды:

Шығыстардың түрлері	Тенгедегі сома
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне комиссиялық сыйакы	
Сыртқы басқарушыларға комиссиялық сыйакы	
Кастодиандардың көрсетілетін қызметтері	
Зан кеңесшісінің көрсетілетін қызметтері	
Сыртқы аудитордың көрсетілетін қызметтері	
Басқа шығыстар	
Сыртқы басқарушымен келісімді мерзімінен бұрын бұзған кезде туындаған шығындар	
Барлығы	

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі _____
(Т.А.Ә., қолы)

Қазақстан Республикасының Ұлттық
корына активтерді есептеу және
Қазақстан Республикасының
Ұлттық корын пайдалану қағидаларына
4-қосымша

Ай басындағы қалдық _____
**20 __ жылғы _____ жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры
ақшасының қозғалысын салыстырып тексеру ведомосі**

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілдепті органның деректері бойынша жүргізілді	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша жүргізілді	Aйыр машы	
Қазына шылық	Сомасы	Төлем құжа	Сомасы

Күні	төлем күжатын ың №	комитеті нің БСК	Де бет	Кре дит	Күні	тының №	БСК	Дебет	Кредит	лық
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Барлығы есептелгені _____

Ескертпе: аударылды

Ай сонындағы қалдық _____

Айырмашылық себептері:

Бюджетті атқару жөніндегі орталық
уәкілетті органның басшысы _____

(Т.А.Ә., қолы)

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті
органның жауапты орындаушысы _____
(Т.А.Ә., қолы)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің уәкілетті
бөлімшесінің басшысы _____
(Т.А.Ә., қолы)

Орталық бөлімнің/уәкілетті

Басқарманың жауапты орындаушысы _____
(Т.А.Ә., қолы)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 23 сәуірдегі
№ 267 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы
туралы жылдық есепті жасау нысандары**

**Ескеरту. Нысандары жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.04.2024 № 349 (алғашқы
ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
қаулысымен.**

1-нысан

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен пайдаланылуы туралы 20__ жылғы
есепті кезеңдегі есебі**

Индексі: ФФИНФ-1

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынады: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Үкіметі

Ұсыну мерзімі: есепті жылдан кейінгі жылдың 1 маусымына дейінгі мерзімде.

P/c №	Қаржылық есептілік баптарының атауы	Сомасы, мың теңге
1	2	3
1.	Есепті кезеңнің басындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық корының (бұдан әрі – Ұлттық қор) қаражаты, барлығы:	
2.	Түсімдер, барлығы: оның ішінде: мұнай секторы үйымдарынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есептелетін салықтарды қоспағанда), оның ішінде: корпоративтік табыс салығы; ұстеме пайда салығы; бонустар; пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық; экспортқа рента салығы; жасалған келісімшарттар бойынша Қазақстан Республикасының өнімді бөлу бойынша үлесі; өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер койнауын пайдаланушының қосымша төлемі және мұнай секторы үйымдарынан түсетін жер койнауын пайдалануга балама салық; мұнай секторы үйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа да түсімдер (жергілікті бюджеттерге есептелген түсімдерді қоспағанда), оның ішінде: орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері мұнай секторы үйымдарына салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар; республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мұнай секторы үйымдарына салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар; шығынды өтеу туралы талап қоюлар бойынша табиғат	
2.1.		
2.2.		

	<p>пайдаланушылардан мұнай секторы үйімдары алған қаражат; мұнай секторы үйімдарынан түсетін салықтық емес басқа түсімдер;</p> <p>ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участекелерін сатудан түсетін түсімдер; республикалық меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдер;</p> <p>ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындастын тәртіппен және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бөсекелес ортаға беруден түсетін түсімдер;</p> <p>екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын үйімның активтерді сатуынан түсетін түсімдер;</p> <p>республикалық бюджеттен берілетін кепілдендірілген трансферті қайтару;</p> <p>республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферті қайтару;</p> <p>Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаган өзге де түсімдер мен кірістер</p>
3.	<p>Пайдалану, барлығы:</p> <p>кеңілдік берілген трансферт;</p> <p>нысаналы трансферттер;</p> <p>Ұлттық қорды басқаруга және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу;</p> <p>Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нысаналы талаптарды төлеуге және нысаналы жинақтардың аударымдары мен төлемдеріне</p>

	байланысты банктердің көрсететін қызметтеріне ақы төлеу шығыстары	
4. 4.1. 4.2.	Инвестициялық кіріс, барлығы: басқару нәтижелері бойынша тенгемен есептелген пайда/шығын ; қайта есептеу кезіндегі бағамдық айырма	
5.	Ұлттық қордың есептелген және төленбеген шығыстарының сомасы	
6.	Мерзімінен бұрын өтеуді ескергенде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздардың, олардың бастапқы тану кезіндегі әділ (нарыктық) құны мен нақты құны арасындағы айырма	
7.	Айырма мен дөңгелектеу сомасы, оның ішінде өткен жылдардағы каржылық есептілікте көрсетілгендер	
8.	Ұлттық қордың есепті кезең соңындағы қаражаты, барлығы:	

Бюджетті атқару жөніндегі орталық үекілетті органның басшысы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Бюджетті атқару жөніндегі орталық үекілетті органның жаупапты орындаушысы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

2-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 20__ жылғы есепті кезеңдегі активтері мен
міндеттемелері туралы есеп

Индексі: ФФИНФ-2

Кезеңділігі: жыл сайын

Ұсынады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Ұсыну мерзімі: Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару
туралы шартқа сәйкес ұсынылады.

(мың теңге)

Баптардың атанды	Ағымдағы кезеңнің соңына	Откен жылдың соңына
1	2	3
Активтер		

...	
Активтер жиыны	
Міндеттемелер	
...	
Міндеттемелер жиыны	
Таза активтер	

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептілікті жасауға жауапты бөлімшесінің басшысы _____

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

3-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 20___ жылғы есепті кезеңдігі жиынтық кірісі туралы есеп

Индексі: ФФИНФ-3

Кезеңділігі: жыл сайын

Ұсынады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Ұсыну мерзімі: Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес.

(мың теңге)

Баптардың атауы	Ағымдағы жылдың басынан бергі кезең үшін	Откен жылғы кезең үшін
1	2	3
Кірістер		
...		
Кірістердің жиыны		
Шығыстар		
...		
Шығыстардың жиыны		
...		
Таза пайда/(шығын)		
Басқа да жиынтық кіріс/(шығын)		
...		
Басқа да жиынтық кіріс/(шығын)		
Кезең ішіндегі жалпы жиынтық кіріс/(шығын)		

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептілікті жасауға жауапты бөлімшесінің басшысы _____

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

4-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 20__ жылғы есепті кезеңдегі ақша қаржатының қозғалысы туралы есеп

Индексі: ФФИНФ-4

Кезеңділігі: жыл сайын

Ұсынады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Ұсыну мерзімі: Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес.

(мын тенге)

Баптың атауы	Ағымдағы жылдың басынан бергі кезең үшін	Откен жылғы кезең үшін
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаржаттың қозғалысы:		
Таза пайда/(шығын)		
Мыналарға түзетулер:		
...		
Операциялық қызметтеннен түскен ақша қаржатының операциялық активтердегі және міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі қозғалысы		
Операциялық активтердің ұлғаюы/ (азаюы):		
...		
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы/(азаюы):		
...		
Операциялық қызметтегі (қызметтен) ақшалай қаржаттың таза түсүі/(пайдаланылуы)		
Инвестициялық қызметтеннен түскен ақшалай қаржаттың қозғалысы:		
...		

Инвестициялық қызметтегі (қызметтен) ақшалай қаражаттың таза түсүі/(пайдаланылуы)	
Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы:	
...	
Қаржылық қызметтегі/(қызметтен) акша қаражатының таза түсүі/(пайдаланылуы)	
Ақшалай қаражаттың және олардың баламаларының таза ұлғаюы/(азаюы)	
...	
Кезең басындағы ақшалай қаражат және оның баламалары (шығынға арналған бағалау резервін шегергенге дейін)	
Кезең сонындағы ақшалай қаражат және оның баламалары (шығынға арналған бағалау резервін шегергенге дейін)	

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептілікті жасауға жауапты бөлімшесінің басшысы _____

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

5-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтеріндегі 20 ____ жылғы есепті кезеңдегі өзгерістер туралы есеп

Индексі: ФФИНФ-5

Кезеңділігі: жыл сайын

Ұсынады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Ұсыну мерзімі: Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес.

(мын тәңге)

Баптардың атауы	Түсімдер	Аударымдар	Таза пайда/ (шығын)	Валютаны қайта бағалау бойынша резерв	Таза активтердің жиыны
1	2	3	4	5	6

Откен кезеңінң басындағы қалдық					
Таза пайда/(шығын)					
Өзге де жынтық кіріс					
Кейіннен пайданың немесе шығынның құрамында қайта жіктелмейтін баптар:					
...					
Кейіннен пайданың немесе шығынның құрамында қайта жіктелмейтін баптардың барлығы:					
Кезеңдегі баска да жынтық кірістің барлығы					
Таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялар					
...					
Таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялардың барлығы					
Откен кезеңінң аяғындағы қалдық					
	Түсімдер	Аударымдар	Таза пайда/ (шығын)	Валютаны қайта бағалау бойынша резерв	Таза активтердің жыны

Ағымдағы кезеңнің басындағы қалдық				
Таза пайда/(шығын)				
Өзге де жынтық кіріс				
Кейіннен пайданың немесе шығынның құрамында қайт а жіктелмейтін баптар:				
...				
Кейіннен пайданың немесе шығынның құрамында қайт а жіктелмейтін баптардың барлығы:				
Кезеңдегі басқа да жынтық кірістің барлығы				
Таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялар				
...				
Таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялардың барлығы				
Ағымдағы кезеңнің сонындағы қалдық				

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептілікті жасауға жауапты бөлімшесінің басшысы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 23 сәуірдегі
№ 267 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау қағидалары

"Осы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 133-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау тәртібін айқындайды.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.04.2024 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тaraу. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау тәртібі

Ескерту. 1-taraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.05.2021 № 296 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Ұлттық қор) қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы есептілік Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 133 және 134-баптарына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.04.2024 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Ұлттық қордың түсімдері мен пайдаланылуы туралы есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган есепті айдан кейінгі айдың 5-ші және 20-шы күні тиісінше 1-ші және 15-ші күнгі жағдай бойынша жасайды.

3. Ұлттық қордың қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірге, Ұлттық қор аудитінің нәтижелерін енгізе отырып жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 1 мамырына дейін жасайды.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1188 қаулысымен.

4. Ұлттық қордың қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепте мыйналар:

осы қаулымен бекітілген 1-нысан бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қор түсімдері мен оларды пайдалану туралы есеп;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы есеп, ол нысандар бойынша мыйнадай есептерден тұрады:

1) осы қаулымен бекітілген 2-нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері мен міндеттемелері туралы есеп;

2) осы қаулымен бекітілген 3-нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жиынтық кірісі туралы есеп;

3) осы қаулымен бекітілген 4-нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп;

4) осы қаулымен бекітілген 5-нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтеріндегі өзгерістер туралы есеп қамтылған.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.06.2017 № 408 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.04.2024 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 134-бабының 1-тармағына сәйкес Үкімет Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп жылдық есепті жүргізілген сыртқы аудит нәтижелерімен қоса ағымдағы жылғы 1 маусымнан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне енгізеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару нәтижелері бойынша аудитtelген жылдық қаржылық есептілікке бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы және бас бухгалтері қол қояды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.04.2024 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. ҚР ҰБ және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Ұлттық қорды сенімгерлік басқару туралы шартта көзделген міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді.